

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
жанындағы 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау
(6D011600 / 8D01515 – География) және 8D052 – Қоршаған орта
(6D060900 / 8D05203 – География) бағыттары бойынша
Диссертациялық кеңестің
2025 жылы жұмысы туралы

ЕСЕП

1. Отырыс саны жайлы мәліметтер

2025 жылы 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011600 / 8D01515 – География) және 8D052 – Қоршаған орта (6D060900 / 8D05203 – География) бағыттары бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ұйымдастырылған диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестің **7 отырысы өткізілді** (04.01.2025 – 30.12.2025 аралығында).

2. Диссертациялық кеңес отырыстарына қатыспаған кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөндері

(болған жағдайда)

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелері болған жоқ.

3. Оқу орындары көрсетілген докторанттардың тізімі:

1. Калкашев Сагынғали – Абай атындағы ҚазҰПУ
2. Қуандықова Эльмира – Абай атындағы ҚазҰПУ
3. Санат Құмарбекұлы - С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті
4. Әсет Бактыбекович Сералиев - Абай атындағы ҚазҰПУ
5. Мусахан Рыскүл Мырзаханқызы - Абай атындағы ҚазҰПУ
6. Хорғасбай Еңлік Тохполатқызы - Абай атындағы ҚазҰПУ
7. Базилова Айжан Абайқызы - Абай атындағы ҚазҰПУ

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

Калкашев Сагынғали диссертациясы зерттеу нәтижелері бойынша
Тақырыбы - «Мектептің география курсына оқушылардың білімін критериалдық бағалаудың әдістемелік негіздері»

Қорғау 2025 жылы 21 қаңтарда өтті.

Ғылыми кеңесшілер:

Абдиманатов Бахадурхан Шарипович – география ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті география және экология кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан);

Гордеева Зинаида Ивановна – география ғылымдарының кандидаты,

профессор, Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университеті (Мәскеу қ., Ресей).

Диссертация Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар)

1. Оқушылардың география пәні бойынша білімін критериалды бағалау, білім сапасын басқару жүйесін қалыптастыру мен бағалаудың рөлі мен орнын түсіну үшін, жағдайлар жасалатын тұлғаға бағытталған оқыту арқылы білім алушылардың, педагогтар мен басшылардың өзара іс-қимылының дамуы және дамып келе жатқан процесі арқылы мүмкін болады. Географиялық білімді қалыптастыруда және бағалауда оқу процесін барлық қатысушылары педагогикалық қызметінде білімін үздіксіз жетілдіруді көздейтін болса, оқушылардың білім сапасы артады. Білім сапасын қалыптастыру және бағалау жүйесі ұйымдастырушылық мазмұнды және құндылық педагогикалық жағдайлар кешені негізінде құрылса, оқу мақсаттарына жетуге мүмкіншілік береді. 2. Педагогикалық диагностика және бағалау, география пән мұғалімдерінің және білім алушылардың бұрын игерілген және қалыптасқан пәндік және метапәндік білімдерін, білу мен дағдыларды меңгеру ерекшеліктерін анықтау арқылы, оқытушылар және оқушылар қиыншылыққа ұшырағанда, олардың себептерін анықтаумен қатар оқу іс әрекетін игеру деңгейін анықтау, оқушылардың дамуындағы өзгерістерді бағалауға мүмкіндік береді. 3. Бағалауды дұрыс және ұтымды таңдау, білім беру сапасын оқу мақсаттарына қол жеткізуде географиялық білім мен дағдыларды жетілдіру мен дамытуды қамтамасыз етеді. мұғалімдер мен оқушылар критерийлер туралы нақты түсінікке ие болған кезде, олар нені жақсарту керектігін айқын көреді. Оқушылар оқу мақсаттарын түсінсе және оларға қол жеткізу үшін оқу процесі белсенді болса, бұл олардың мотивациясы мен жауапкершілігін арттырады. Критериалды оқытуда мұғалімдер бағалауды объективті қараса, ал ата-аналар бағаларды қандай негізде қойылатынын түсінсе, бұл мектеп пен ата-аналар арасындағы сенімді нығайтады. 4. Әдістемелік жүйе компоненттерін ескере отырып, география пәні бойынша критериалды бағалаудың дұрыс құрылған әдістемесі және моделі оқу мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіншілік береді, мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіреді. Критериалды тәсілді меңгерген мұғалімдер оқу процесін тиімді жоспарлайды және ұйымдастыра алады, өйткені олар өз міндеттерінің белгіленген критерийлермен қалай байланысты екенін түсінеді.

Қуандықова Эльмира диссертациясы зерттеу нәтижелері бойынша

Тақырыбы - «Географиядан іс-әрекет тәсілі негізінде практикаға бағдарланған тапсырмаларды дайындаудың әдістемелік негіздері»

Қорғау 2025 жылы 21 қаңтарда өтті.

Отандық ғылыми кеңесші:

Карбаева Ш.Ш. - п.ғ.к., профессор;

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Суслов В.Г. - п.ғ.д., профессор (Ресей).

Диссертация Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар)

1. Географиядан практикаға-бағдарланған тапсырмаларды даярлаудағы іс-әрекет тәсілдерін негіздеу. Іс-әрекет тәсілдері оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, алған географиялық білімін нақтылы өмірлік жағдаяттарда қолдануын қамтамасыз етеді. 2. Практикаға-бағдарланған тапсырмаларға берілген сипаттамаларды географияны оқытуды тиімді пайдалануға болады. Практикаға-бағдарланған тапсырмалар оқушылардың практикалық құзыреттерін, креативтілігін және сыни тұрғыда ойлауын қалыптастыруға бағытталған. 3. Географиядан іс-әрекет тәсілі негізінде практикаға-бағдарланған тапсырмаларды даярлау тапсырмаларды құрастыру ұстанымдарын қамтамасыз етеді. *Зерттеудің негізгі нәтижелері:* - білім берудегі іс-әрекет тәсілінің географияны оқытудағы маңызы зерделеніп, практикаға бағдарланған тапсырмаларды даярлаудағы әдістерге талдау жасалды, «практикаға бағдарлау» ұғымының мәні нақтыланды; - практикаға бағдарланған тапсырмаларды дайындаудың құрылымдық мазмұндық моделі жасалып, оны оқу үдерісінде пайдалану әдістемесі ұсынылды; - географиядан іс-әрекет тәсілі негізінде даярланған практикаға бағдарланған тапсырмалар оқу үдерісінде қолданылып, оның тиімділігі дәлелденді.

Санат Құмарбекұлы диссертациясы зерттеу нәтижелері бойынша

Тақырыбы - «География сабағында оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытудағы жүйелік іс-әрекеттік тәсіл»

Зерттеу С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде орындалған.

Қорғау 2025 жылы 29 сәуірде өтті.

Отандық кеңесші:

Абдиманапов Бахадурхан Шарипович – география ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті география және экология кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан);

Шетелдік кеңесші:

Гайсин Ильгизар Тимергалиевич – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералдық университеті (Қазан қ., Ресей).

Жұмыстың өзектілігі – білім беру жүйесіндегі заманауи сын-тегеуріндер, ақпараттық қоғам жағдайында оқушылардың деректерді талдау, дәлелдеу, шешім қабылдау қабілеттерін дамыту қажеттілігімен анықталады. География пәні табиғи және әлеуметтік процестердің байланысын түсіндіретін интегративті сипатқа ие, сондықтан сыни ойлауды қалыптастыруда маңызды құрал болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – жүйелік іс-әрекеттік тәсілді қолдану арқылы оқушылардың сыни ойлауын дамытуға бағытталған педагогикалық әдістер мен технологияларды әзірлеу және ғылыми негіздеу. Нысаны – географияны оқытуда жүйелік іс-әрекеттік тәсілді ұйымдастыру үдерісі.

Практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижелері оқу үдерісін жетілдіру, география пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру, функционалдық сауаттылық пен сыни ойлауды дамытуға бағытталған оқу материалдарын жетілдіруде қолдануға мүмкіндік береді. Жүйелік іс-әрекеттік тәсіл мемлекеттік стандарт талаптарына сай оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетін қамтамасыз етіп, қазіргі қоғам сұраныстарына жауап беретін тұлға қалыптастыруға ықпал етеді.

Әсет Бактыбекович Сералиевтің диссертациясы зерттеу нәтижелері бойынша

Тақырыбы - «Мектеп географиясында аймақтық экономикалық қатынастарды оқытудың әдістемелік негіздері»

Диссертация Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2025 жылы 29 сәуірде өтті.

Ғылыми кеңесшілер:

Отандық кеңесші:

Алиаскаров Думан Тоқтарұлы - PhD, аға оқытушы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Шетелдік кеңесші:

Emin Atasoy - доктор, профессор, Бурса Улудаг университеті (Бурса қ., Түркия).

Мектептердегі географиялық білім беру мазмұнына аймақтық экономикалық қатынастар жайлы бөлімдер енгізе отырып, географиялық білім мазмұнын толықтыру, аймақтық экономикалық қатынастар жайлы терең білім беру үшін элективті курстарды енгізу мәселелері зерттеу жұмысының географиялық білім берудегі өзектілігін айқындайды.

Жұмыста мынадай жаңа және шынайы ғылыми нәтижелер алынған:

Әлемдік және өңірлік экономикалық байланыстарды зерделеу негізінде аймақтық экономикалық қатынастардың теориялық және тұжырымдамалық негіздеріне ғылыми тұрғыда талдау жасаған;

Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептерде аймақтық экономикалық қатынастарды оқып-үйренудің географиялық білім берудегі рөлі мен орны айқындалған;

Аймақтық экономикалық қатынастарды географияда оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздемесі жасалып, мазмұндық-құрылымдық моделі әзірленген және оның тиімділігі тәжірибе жүзінде тексерілген.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін жалпы орта білім беретін мектептерде, орта арнаулы білім беру ұйымдарында, сондай-ақ педагог мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінде тиімді түрде кеңінен қолдануға болады.

Калдыбекова Разия Елтузеровна диссертациясы зерттеу нәтижелері бойынша

Тақырыбы - «Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылардың

географиядан жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыру»

Диссертация Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2025 жылы 11 қыркүйекте өтті.

Отандық ғылыми кеңесші:

Абдиманатов Бахадурхан Шарипович – география ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті география және экология кафедрасының профессоры (Алматы қ., Қазақстан);

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Бюлент Аксой – PhD, профессор, Гази университеті (Анкара қ., Түркия).

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі:

Бәсекеге қабілетті білім жүйесін қалыптастырудағы маңызды мәселе – оқушының шығармашылық қабілеттерін шыңдауға бағытталған жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыру жолдарын қамтитын дидактикалық тәсілдердің қажеттілігі зерттеуіміздің өзектілігін анықтайды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы

- география пәні бойынша жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастырудың мазмұндық және құрылымдық жүйесіне баға берілді;

- алғаш рет география пәні бойынша жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастырудың құрылымдық - мазмұндық моделі құрылды;

- алғаш рет география сабақтарында білім алушылардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қалыптастыру бойынша педагогтардың құзіреттілігі онлайн сауалнама арқылы анықталып, оқу-әдістемелік құрал әзірленді.

Жұмыстың практикалық құндылығы: зерттеу жұмысының нәтижесінде құрастырылған оқу-әдістемелік құралды жалпы білім беретін мектептерде, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған курстарда пайдалануға болады.

Мусахан Рыскүл Мырзаханқызы диссертациясы зерттеу нәтижелері бойынша

Тақырыбы - «Гидрологиялық оқу практикасын өткізу барысында білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың әдістемелік негіздері»

Диссертация Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2025 жылы 03 желтоқсанда өтті.

Отандық ғылыми кеңесші:

Боранкулова Дина Мелсовна – география ғылымдарының кандидаты, География және экология кафедрасының қауымдастырылған профессоры м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Бюлент Аксой – PhD, профессор, Гази университеті (Анкара қ., Түркия).

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі:

Географиялық білім беруде гидрологиялық оқу-дала практикасында білім алушылардың өз бетінше талдау, баға беру, жаңа ұсыныстар әзірлей білу тұрғысындағы зерттеу дағдыларын қалыптастыру мәселелері зерттеу жұмысының географиялық білім берудегі өзектілігін нақтылап тұр.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- «зерттеу дағдылары» ұғымының мәні мен мазмұны туралы ғалымдардың ғылыми-зерттеулері мен тәжірибелері теориялық-әдіснамалық тұрғыда негізделді;

- жоғары оқу орындарының кәсіби білім беру бағдарламаларындағы гидрологиялық оқу-дала практикасында білім алушылардың зерттеу ісәрекеттерін менгеруге даярлау мүмкіндігі айқындалды;

- гидрологиялық оқу практикасын оңтайлы ұйымдастырудың әдістемесі әзірленді және білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастырудың теориялық моделі ұсынылды;

- кәсіби даярлау үдерісінде гидрологиялық оқу практикасын ұйымдастыру әдістері дала практикасында қолданылып, тиімділігі педагогикалық-тәжірибелік эксперимент арқылы дәлелденді.

Хорғасбай Еңлік Тохполатқызы диссертациясы зерттеу нәтижелері бойынша

Тақырыбы - «Қазақстанның ауыл шаруашылығының экономикалық даму үрдістерін географияда оқытудың әдістемелік негіздері»

Диссертация Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2025 жылы 12 желтоқсанда өтті.

Отандық ғылыми кеңесші:

Карбаева Шолпан Шайкеновна - педагогика ғылымдарының кандидаты, География және экология кафедрасының профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Таможняя Елена Александровна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университеті (Мәскеу қ., Ресей).

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі:

Қазіргі Қазақстанның ауыл шаруашылығының экономикалық даму үрдістері экономиканың аграрлық секторындағы құрылымдық, институционалдық және технологиялық өзгерістері туралы білім беруде ауыл шаруашылығы саласындағы өндіріс, инвестиция, технология, еңбек ресурстары және нарық қатынастарының ұзақ мерзімді өзгерістері мен бағыттары тұрғысынан сипаттаудың маңызы артып отыр.

Зерттеудің негізгі нәтижелері:

- ауыл шаруашылығының экономикалық даму үрдістерінің теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалды;

- Қазақстанның ауыл шаруашылығының экономикалық даму үрдістерін оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі және мазмұны ұсынылды;

- «Қазақстанның ауыл шаруашылығының экономикалық даму үрдістері» элективті курсының мазмұны мен оқыту әдістемесі ұсынылды;

- ұсынылған әдістеменің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелденді, нәтижелері талданып, педагогикалық қорытындылар жасалды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

Қазақстанның ауыл шаруашылығының экономикалық даму үрдістерін оқытудың мазмұны айқындалып, әдістемелік тұрғыда негізделіп, оның құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Қазақстанның ауыл шаруашылығының даму үрдістерін оқытуға арналған «Қазақстанның ауыл шаруашылығының экономикалық даму үрдістері» элективті курсының мазмұны мен оқыту әдістемесі ұсынылды, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жолмен дәлелденді.

Базилова Айжан Абайқызы диссертациясы зерттеу нәтижелері бойынша

Тақырыбы - «Мектептегі әлеуметтік география бөлімін оқытуда тұрақты даму идеяларын жүзеге асыру»

Диссертация Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде орындалған.

Қорғау 2025 жылы 12 желтоқсанда өтті.

Отандық ғылыми кеңесші:

Каймулдинова Күләш Дүйсенбайқызы - география ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Emin Atasoy - доктор, профессор, Бурса Улудаг университеті (Бурса қ., Түркия).

Тұрақты даму мүддесіндегі білім беру (ТДМБ) – оқушыларды жаһандық мәселелерді шешуге қажетті білім, дағды және құндылықтармен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруды, оқу бағдарламаларын жетілдіруді талап етеді. Әлеуметтік география бөлімі тұрақты даму идеяларын енгізуде маңызды рөл атқарады, бірақ қазіргі оқу бағдарламасында бұл бағыт жеткілікті қамтылмаған. Сондықтан мектептерде тұрақты даму бойынша элективті курс енгізу және ЮНЕСКО ұсынған құзыреттерді қалыптастыру өзекті мәселе болып отыр.

Жұмыста мынадай жаңа және шынайы ғылыми нәтижелер алынған:

- Әлеуметтік географияның мазмұнын тұрақты даму мақсаттарымен байланыстыра оқыту теориялық тұрғыдан негізделді;

- Әлемдік тәжірибелер мен теориялық зерттеулер география пәнінде оқушылардың пәндік және тұрақты даму құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- Қазақстан мектептерінде әлеуметтік географияны тұрақты даму идеялары арқылы оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды, ол нормативтік құжаттар мен ЮНЕСКО нұсқаулықтарына сүйенеді;

